№12 Бәйтерек бобекжай- бақшасы.

БЕКІТЕМІН:
«Бәйтерек » б/б
меңгерушісі: Кенжебекова З.Н.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Әдіскер: Баракова Ж.Б.

2025-2026 ж

2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие беру және оқыту іс-әрекеттерін талдау нәтижелері

Сарыжар селосы №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы екі қабатты, жылу жүйесімен қамтамасыз етілген. Асхана, кір жуатын орын және басқа шаруашылық бөлмелер бар. Балабақшада 3 топ жұмыс істейді, олар: «Балапан», «Айгөлек», «Гүлдер» барлығы 75 бүлдіршін тәрбиеленуде. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған. Оқу-тәрбие жұмысын 6 тәрбиеші, 1 психолог маманы, 1 музыка маманы әдіскер атқарады. Олардың 9 жоғары білімді, 1 арнаулы орта білімді. Педагогтардың барлығы кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтынан 10 педагогтар курстан өтті. 1-педагог –зеттеуші, 3-педагог-сарапшы, 4-педагог-модератор бар.

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен ***(өзгеріс: 16.01.2025 жыл №7 бұйрығы)*** (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының
2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен ***(өзгеріс:14.10.2022 № 422 бұйрығы)*** бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025 -2026 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды. Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді .

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына 1-қосымша «30» шілде 2025 жыл № 194 білім беру ұйымдарындағы **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. «IT-БАЛАБАҚШАСЫ» пилоттық жобасы іске асырылды.
Күнделікті ас мәзірі санитарлық нормаға сәйкес жасалып, оның дәлдігі тексеріліп, медбике қадағалап отырады.

2025 – 2026 оқу жылының мақсаттары мен міндеттемелері

I. Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақтың ұлттық ойындары арқылы ой-өрісін, дене белсенділігін, сөйлеу дағдысын және әлеуметтік дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Балаларды ұлттық мәдениетпен таныстыру

Scanned with CamScanner

2. Ойын арқылы танымдық қабілеттерін арттыру

3. Қимыл-қозғалыс, тіл дамыту, логикалық ойлауын жетілдіру

4. Ұжыммен ойнау дағдысын қалыптастыру

5. Патриоттық тәрбие беру

Балабақшада осы алға қойған мақсат-міндеттерді орындау барысында жұмыстар атқарылды. Педагогикалық кеңесте 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді, топтардың оқу жылына дайындықтары сарапталды, әр топтың тақырыптық-перспективтік жоспарлары вариативтік компонент жоспарлары бекітілді және күн тәртібі, ата-аналармен жұмыс жоспары бекітілді.

Әр айда күн тәртібіндегі бала өміріндегі ұйымдастырылған іс-әрекет қадағалап, бақылау жүргізіліп отырды және оған талдау жасалды.

Балабақшадағы өзекті мәселе бойынша атқарылған жұмыстарға төмендегідей талдау жасалынды:

кіші «Балапан» тобының тәрбиешілері:

Дарибаева Н.К. Досмағамбетова Д.Ж. Бұл топқа 2 жастағы 3 балалар жыл бойы қабылданып, жаңа типтік үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс атқарды. Бағдарламаға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Қ.Р.М.Ж.М.Б.С сәйкес бес білім саласы бойынша: Физикалық қасиеттерді дамыту -дене тәрбиесі; Коммуникативтік дағдыларды дамыту - Сөйлеуді дамыту көркем әдебиет;; Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - Математика негіздері;- құрастыру -Сенсорика - Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту - сурет;- мүсіндеу;- жапсыру;- музыка- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - қоршаған әлеммен таныстыру; енгізілді. Бұл топта күн тәртібі сақталып, күн тәртібінде шынықтыру шаралары ұйымдастырылып отырды. Бұл топтың тәрбиешілерінің алға қойған мақсаты: балаларды балабақшаға бейімдеу, мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеру, қалыптастыру, ойын арқылы балалардың тілін шығару.

Жыл бойында кезекті ойын-сауықтар өткізілді. Үстел үсті, көленкелі қуыршақ театры, шағын сахналауды көрсету ұйымдастырылды. Жыл көлемінде мереке қарсаңында ойын-сауықтар ұйымдастырылып, халық ауыз әдебиеті мен көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру мақсатында фланеграф «Қоян мен түлкі», «Шалқан» ертегісін «Бауырсақ» ертегілерін қазіргі заман талабына сай өткізді, балаларға жыл мезгілдерін ажырату, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Бауырсақ ертегісі», «Ойыншықтар дүкені» секілді ашық Ұ..І.Ә өткізді және мереке қарсаңында «Жаңа жыл кешінде», «Аналар күні», «Әз наурыз» атты ойын-сауық және т.б өткізілді.

Тәрбиешілерге ұсыныс:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қызығушылығын арттыру.

2. Ой-белсенділіктерін арттыру.

3. Рефлекциялық іс-әрекеттерін дамыту.

Scanned with CamScanner

4. Тәртіп сақтау ережелеріне аса көңіл бөлу.

Ортаңғы топ «Айгөлек» тобының тәрбиешілері:

Хасанова Ш.М. Төкенова Д.Б.. Балалардың жас ерекшеліктері 3 жас . Осы жылына қойған мақсаттары: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруды дамыту, тілдерін жетілдіру, достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Балалар жаңа типтік үлгілік бағдарламасындағы бес сала бойынша өз жастарына сәйкес білімдерін алды. Бұл топта ертеңгіліктер: «Жаңа жыл кешінде», «Ана-күніне шуағын шашқан», «Наурыз жыл басы» т.б. іс шаралар өткізілді.

«Денсаулық» дене тәрбиесі білім беру саласы бойынша балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Күнделікті күн тәртібі сақталды, күн тәртібінде шынықтыру шаралары үзбей ұйымдастырылып отырды.қоытынды Ұ.І.Ә өткізілді Хасанова Ш.М «Пішіндер» Төкенова Д.Б. «Бөлме өсімдіктері» Жыл бойына шынықтыру шаралары өткізілді. .. «Шыныққанбыз – шымырмыз!», «Менің көңілді добым!», «Біз болашақ жас ұлан», «Қысқы көңілді ойындар», «Денсаулық мол байлық!» т.б.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту - Сөйлеуді дамыту көркем әдебиет саласы бойынша ертегілердің атауын, ондағы кейіпкерлердің қасиетін ажыратып, рөлдерге кіріп ойнай білді мысалы: «Үйшік» қуыршақ қойылымы қазіргі заман талабына сай өткізді. Осы топта өткізілген іс-шаралар арқылы балалар өлең-тақпақтарды тез жаттауға, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды шешуге үйренді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - Математика негіздері;- құрастыру білім беру саласы бойынша балалар негізгі түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратып, салыстыра алады. 1-3-ке дейін санап және кері санауды игерді, «көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» ұғымдарын түсіне алады. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажырата алады. Ауа-райының жағдайын анықтай алады. Көкөністер мен жемістерді ажырата алады.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту - сурет;- мүсіндеу;- жапсыру;- музыка-» білім беру саласы бойынша түстерді ажыратып, кеңістікті бағдарлап, ермексазбен, аппликация, раскраскамен жұмыс жасай алды.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - қоршаған әлеммен таныстыру, саласы бойынша үй жануарларын, ауа рауының құбылыстарын сонымен қатар қоршаған әллемен танысты .

Ұсыныс:

* Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру;

* Шығармашылық қабілеттерін дамыту, балалардың таланттарын арттыру;

«Гүлдер» ересек тобының тәрбиешілері

Ашимова А.К. Жайлыбаева Э.С. Тәрбиешілер 4 жас аралығындағы балаларды жаңа типтік үлгілік оқу бағдарламасын қолданды. Балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің бес саласы бойынша Денсаулық дене тәрбиесі; Коммуникативтік дағдыларды дамыту - Сөйлеуді дамыту көркем әдебиет;; Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - Математика негіздері;- құрастыру - Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту - сурет;-

Scanned with CamScanner

мүсіндеу;- жапсыру;- музыка- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - қоршаған әлеммен таныстыру;

Осы топтың алға қойған мақсаты: балаларды сөйлеу мәдениеттілігіне, ойын арқылы сөздерді байланыстыруға, ересектермен, құрдастармен еркін қатынас жасауға, қоршаған әлем жайлы карапайым түсініктерді меңгеруге, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру.

Денсаулық дене тәрбиесі

саласы бойынша салауатты өмір салтын ұстану, қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимылды ойындардың ережелерін сақтай алады, түрлі тапсырмаларды орындап, бір-бірден сапта жүре алады, спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игере алады. Қимыл-қозғалыс белсенділігін реттеу, қозғалыстарын жетілдіру максатында тәрбиешіле барлық іс-шараларды уақытылы жүргізілді Салауатты өмір салтын сақтауда отбасылық эстафеталық «Толағай спорттық спортшымыз шетінен», «Денсаулық зор байлық» атты сайыс өтті. - -

Коммуникативтік дағдыларды дамыту - Сөйлеуді дамыту көркем әдебиет;; саласы бойынша жаңылтпаш, тақпақтар, жұмбақтар жаттауда сурет сызбаларын қолданып, баланың тез жаттап, ойлау белсенділігін арттырды. Сыпайы сөйлесу, қоштасу, досын есімімен атау тәрбиешілердің аты-жөнімен атау дағдылары дамыды. Хасанова Ш.М. «Мектеп жасына дейінгі грамматикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» өткізді. Дараибаева Н.К «Театр арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» семинар өткізді

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - Математика негіздері;- құрастыру саласы бойынша пішін, түстерді ажырату, пішіндердің көлемін салыстыру (ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, биік-аласа, кең-тар) ұғымдарымен және де 1-5-ке дейін тура санау және кері санауды үйретті. 1-5-ке дейінгі сан құрамдарымен танысты. Кеше-ертең-бүгін сөздерін қолдана отырып, тәулік мерзімдерін ажырата алуға дағдыланды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту - сурет;- мүсіндеу;- жапсыру;- музыка» білім саласы бойынша ұсақ қол моторикасы дамыған мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың сурет салғанда, мүсіндеуде, аппликациядан пішіндерді және бейнелерді әр түрлі қырынан таниды.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - қоршаған әлеммен таныстыру;Жыл бойында кезекті ертеңгіліктер өтіп отырды: «Қош келдің, ырысы мол алтын күз», «Жасыл шырша жарқыра», «Ана-гүл, Ана-жыр, Ана-өмірдің шуағы», «Алтын ұя-балабақшам» атты ертеңгіліктер өтті. Балаларды кіші кезінен патриоттық сезімге тәрбиелеуде күнделікті гимн айтылды. Ашимов А.К. қорытынды Ұ.І.Ә. «Мамандықтар» тақырыбында өткізді. Жайлыбаева Э:С. қорытынды Ұ.І.Ә «Су асты әлемі» тақырыбында өткізді.

Жыл бойына балаларға театрлардың түрлерін және олардың қаншалықты қызықты, әсерлі екендігін балаларға жеткізе білді. Балалар театрды өз беттерінше ойнауға және олардың кейпіне енуіне әр түрлі жұмыстар жүргізілді.

Scanned with CamScanner

Жыл басында ата-аналармен жұмыс жоспары бекітіліп, әр-түрлі тәрбие жұмыстары мәдени шаралар ай жүргізіліп отырды. Ата-аналар барлық ашық байқауларға, ертеңгіліктерге, Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында балабақшамызда үлкен той өткізілді және оған ауыл тұрғындарының қатысымда болды.

Ұсыныс:

1. Балалардың тәлім тәрбиесіне көп көңіл аудару.

2. Балалардың театр деген қызығушылықтарын әрі қарай арттыру.

Педагогикалық ұжым әрдайым ізденісте, инновациялық жаңалықтарға құмар, өз тәжірибелерінде жана технологияларды қолдана отырып, заман талабына сай интернет желісімен жұмыс жасап, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы да саналы білім берді.

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылында қаңтар айының 16 сы күні «IT-БАЛАБАҚШАСЫ» атты аудандық семинар отті. Педагогтар оз іс-тәжірбиелерімен бөлісіп алғыс хаттарымен марапатталды. Мамыр айында вариативтік коммпанент «Ертегілер әлемі» атты тақырыбында облыстық семинарға шебер сынып көрсетіп Хасанова Ш.М. алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар Мамыр айында «Мектепке дейінгі білім беруде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды тиімді қолдау» атты облыстық семенар өтті. Педагогтар өз іс-тәжірбиесімен бөлісіп облыстық әдістемелік орталығының алғыс хатымен марапатталды. Баракова Ж.Б., Дюсембина Г., Иулдашева А.Ф., Ашимова А.К., Дарибаева Н.К., Досмағамбетова Д.Ж.

Алдағы оқу жылына міндеттер:

* IT бағытындағы жұмыстарды жетілдіру;

* инновациялық әдістерді көбейту;

* педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыру;

* «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асыру

Әдіскер: Баракова Ж.Б

Күні: 28.05.2026 ж.

Scanned with CamScanner